

**Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебінің
кітапхана бойынша атқарылған іс-шаралар есебі
2024 – 2025 оқу жылы
жылдық есеп**

Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебінің мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар іске асырылуда.

Жобаның мақсаты: мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың, ата-аналардың оқу мәдениетін дамыту,

оқушылардың оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасалып, бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар мектеп сайтында салынып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Мектеп кітапханашылары Жунусова Г.О. сынып жетекшілермен бірлесе отырып ата-аналар жиналыстарын өткізу барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарымен таныстырып, оқушылардың кітап оқу мәселелері бойынша ата-аналардың атқаратын роліне тоқталды. Сонымен қатар ата-аналарды осы жобаға атсалудың маңызын атап өтті.

Мектеп кітапханасы барлық ережелер мен нормаларға сай жабдықталған.

Оқу жылында: барлық кітап қоры - 12703

Оқулықтар: 10398

Соның ішінде көркем әдебиет: 2305

Электрондық оқулықтар: 180

Оқырмандар саны: 596

Соның ішінде кітапханаға келушілер саны: 7000

Барлық берілген кітап саны: 9800

Мектеп кітапханасы өз жоспарына сай мектептің тәрбие жұмыстары салаларына байланысты өткізілген сыныптан тыс жұмыстарымен тығыз байланыса отырып, жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Қыркүйек айында «**Мен болашақ оқырман**» тақырыбында мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді кітапхана өмірімен таныстыру мақсатында кітапханаға саяхат сабағы ұйымдастырылды.


Мақсаты: Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді кітапхана өмірімен таныстыру;

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу



29.10.2024 ж. Кеңес Одағының батыры, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы – Р.Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Ерліктің өшпес даңқы» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Мақсаты: қазақ халқының қаһарман ұлы Р.Қошқарбаевты қазақ тарихында өшпес із қалдырған тұлға ретінде кеңінен таныстырып, өмір жолынан мәлімет беріп, ерлігін жас ұрпаққа насихаттау.



Кішкентай оқырмандардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз» кітапты дауыстап оқу шарасы ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы әлі де жалғасын табуда.

Мақсаты: халықтың рухани байлығын дамытып, оқырман мен кітапхана арасындағы байланысты нығайту



«Өзің оқы, басқалар да оқысын» күзгі демалыс уақытында қашықтан кітап оқу марафоны ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулу, қызығушылықтарын арттырып, ой – өрістерін дамыту.



2024 жылдың 15 қараша күні мектеп кітапханасында «Ұлттық валюта» күніне орай жоғары сынып оқушыларымен танымдық сабағы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық валютамыз теңгенің шығу тарихы туралы мәліметтер беру



2024 жылдың 18 желтоқсан күні «Кітап біздің сарқылмас рухани қазынамыз» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы сөздік қорын, рухани байлығын арттыру.



28.01.2025 ж «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы білім бөлімі» ММ жоспарына сәйкес «Балалар кітапханасы» жобасы аясында, Қосшы қаласының мектеп кітапханалары арасында «Әдеби кейіпкерлер сыр шертеді» атты мәдени іс – шара ұйымдастырылды. Атаулы іс – шараға Т.Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасын насихаттап, көрермен назарына ұсынылды.



05.02 күні мектеп кітапханасында оқырман балалардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды ұлттық рух пен тәрбиелеуде, сондай – ақ тарихын білуіне, жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілер фестивалі шарасы ұйымдастырылды. Іс- шара барысында 3 «Ә» сынып оқушылары өздері оқыған ертегі кітаптары жайлы мағлұмат беріп, викториналық сұрақтарға жауап берді.




25.02.2025 ж М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын дәріптеу, оқушы бойына көркем әдебиетке деген қызығушылықты арттыру.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты әдеби кеш өтті.

Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдері мен әндерін айтқызу. Кеш соңында оқушылар «Алғыс хаттармен» марапатталды



Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, оны қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханашысы Жунусова Г.О «Қызыл кітап» танымдық сағатын өткізді.

Мақсаты: Жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет беру



15 – 23 сәуір аралығында Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай кітапхана апталығы өтті. Атаулы шараға сәйкес С. Бақбергеновтың 105 жыл толуына орай «Дина» повестіне танымдық сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ақын шығармашылығымен таныстыру, Д.Нұрпейісова жайлы оқушыларға ақпарат беру



«Кітап асыл қазына» атты кітапхана апталығының жұмыс жоспарына сәйкес мектебіміздің 3 сынып оқушылары арасында «Кітаптар әлеміне саяхат» ойлан – тап сұрақ – жауап сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіріліп, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Өнерімді еліме арнаймын» Халықаралық «Шабьт» жастар фестивалінің лауреаты Б. Қарағызұлымен кездесу кеші өтті

Мақсаты: өлкеміздегі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлеріміздің шығармаларын оқуға насихаттау, олардың өмір жолдарын өскелең ұрпаққа өнеге тұту



21.04.2025 ж «Кітап асыл қазына» кітапхана апталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Кітапхана білімнің күншуағы» Қосшы қалалық кітапханасына 4 «Ә» сынып оқушылары экскурсия жасап келді. Кітапхана ғимаратын аралаған оқушылар жақсы әсерлерімен бөлісіп, кітапханашы апайларға алғыстарын білдірді



Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай мектеп кітапханасында «Желбіре, жеңіс жалауы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Жыл соңында кітап қорының жинақталуы, есепке алынуы, орналасуы, сақталуы ұйымдастырылды. Кітапханашымен кітапхана мүшелері бірігіп жұмыстар атқарады. Кітаптарды түптеуге, оқулықтардың тазалығын қарауға, желімдеу жұмыстарына көмектесті.

Жақсы кітап оқу жақсы адаммен сырласқанмен бірдей деп айтқандай, алдағы оқу жылында оқырмандар санын көбейтіп, оқу – тәрбие жұмыстарына ықпал етіп, жас жеткіншектердің көзі ашық, көкірегі ояу, заманның ұлы тұлғасы болуына өз үлесімізді қосамыз. Кітап рухани азығымыз дегендей рух азығын балалар осы кітаптан алады.